

FTAXP 06.71.07
ӘОЖ 33.338.012

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-2-114-120>

С.С. ТЛЕУБЕРДИЕВА,^{1*}

PhD, доцент.

*e-mail: tleuberdieva@yandex.ru

А.Б. МОЛДАШЕВА,²

Э.Ғ.К., доцент.

e-mail: altun_78@mail.ru

А.К. АЛПЫСБАЕВА,³

Э.Ғ.К., доцент.

e-mail: alpyspaeva_ainura@mail.ru

Л.В. ОЛЕЙНИК,⁴

аға оқытушы.

e-mail: lvolleinik@mail.ru

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

²М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Қазақстан, Тараз қ.

³Қазақ технология және бизнес университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

⁴Рудный индустриалдық институты,
Қазақстан, Рудный қ.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ӨСІМІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕТІКТЕРІ

Андатпа

Мақаланың мақсаты – бір елдің және атап айтқанда, Қазақстанның шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің өсімінің экономикалық тетіктерін зерттеу. Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің өсімін және елді азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету күрделі әрі өзекті мәселе болып отыр, оған өндірісті, ұлттық ауыл шаруашылық нарықтарындағы конъюктурасының сұрақтары, төлем және бәсекеге қабілеттілігі, ауыл шаруашылық өнімдерінің жылдық көлемі, жылдық түсім көлемін арттыру, азық-түлік тауарларын тұтынушыларға дейін жетуім қамтамасыз ету, ауыл шаруашылық саласын реттеудегі заңдар және т.б. Ауыл шаруашылығының әлуетін елдің азық-түлік қауіпсіздендірілу деңгейімен байланыстырылады. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу азық-түлік қауіпсіздігін, ауыл шаруашылық өнімдерінің нарыққа шығу тұрақтылығын қамтамасыз етуге, кәсіпкерлерге тиімді жағдай жасауға, отандық өнімдерді бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сонымен қоса, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығының, балық шаруашылығын, агроөнеркәсіп кешен өнімін қайта өңдеуді және тағам өнеркәсібін дамыту үшін қолайлы жағдай жасау арқылы аймақтардағы тұрғындардың тұрмыс деңгейін жоғарылатуға, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жабдықтау мен басқада қосалқы қызмет салаларын қамтамасыз етуге, аймақтық жерлердегі әлеуметтік және инфрақұрылымын дамытуға бағытталған. Мақала авторлары агроөнеркәсіп кешенінің маңызды бөлігі ауыл шаруашылығы болатынын атап өтті. Ауыл шаруашылығы – халықты азық-түлік өнімдерімен қамсыздандыруға бағытталған және шаруашылық саласына қажетті шикізатпен қамсыздандыру саласы болып табылады. Ол тек агроөнеркәсіп кешенінде ғана емес барлық елдің ұлттық шаруашылығында маңызды орынға ие. Ауыл шаруашылығы – материалдық өндіріс саласының ең маңызды бөлігі. Ауыл шаруашылығы елді азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттын кейбір түрлерімен қамтамасыз етеді.

Тірек сөздер: ауыл шаруашылығы, өнім, аграрлық саясат, мамандық, агроөнеркәсіптік кешен, тауар өндірушілері, аграрлық сектор, азық-түлік.

Кіріспе

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу механизмінің ерекшеліктерімен белгілі бір жабық күйде жұмыс жасайтын жүйе ретінде қарастыруға болады. Сондықтан алдыға қойылған бастапқы мақсаттар анықталады және мемлекеттік экономикалық баға, салық, ақша-несие сая-

саты арқылы жүзеге асатын болжамдар (оның негізінде бюджеттік бағдарлама әзірленеді) жасалады.

Ауыл шаруашылығын реттеу оңтайлы макроэкономикалық жағдайды қамтамасыз ету, аграрлық сектор мен экономиканың басқа секторлары арасындағы өзара іс-қимыл үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ мемлекеттің дамуының объективті шарттары мен міндеттеріне сәйкес саланы дамытудың белгілі бір параметрлерін түзету үшін айтарлықтай бюджеттік ресурстарды талап етеді.

Экономикалық саясатты, оның ішінде аграрлық саясатты жүзеге асыру экономикаға мемлекеттік әсер ету тетігін қалыптастыратын шаралар үйлесімімен ғана мүмкін болады. Бұл әсер ету үш бағыт бойынша жұмыс жасайды: әкімшілік, экономикалық және институционалдық [10].

Ауыл шаруашылық өнімдерінің өсімінің экономикалық тетіктерін мемлекеттік реттеудің негізгі шаралары өндірістің және сақтаудың қазіргі энергия үнемдейтін қалдықсыз технологияларды енгізу негізінде ел үшін азық-түлік өнімдерінің өндірісін сақтауға және ұлғайтуға бағытталған.

Негізгі ережелер

Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімінің түрлері көп құрылымды болып келеді. Елімізде әр түрлі табиғи климаттық белдеулердің және топырақ құнарлылығы мен игерілу түрлерімен түсіндіруге болады. Елімізде жақсы дамығын ауыл шаруашылығының құрылым түрі, ең алдымен мал шаруашылығы содан кейін өсімдік шаруашылығы, азық-түлік, бау-бақша шаруашылығы. Ауыл шаруашылығының басқа компоненттері де бар, олар – балық аулау шаруашылығы, омарта шаруашылығы т.б. [8]. Ауыл шаруашылық өнімдерінің өсімінің экономикалық тетіктерінің теориялық негізі бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері, мақалалары, оқулықтары мен оқу құралдары, мерзімді баспа сөздегі мәліметтер мен ақпараттар, сондай-ақ арнайы заң жобалары, нормативтік-құқықтық актілер мен Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің бұйрықтары, қаулылары мен жарлықтары, ҚР Статистика комитетінің мәліметтерінде көрініс табуда.

Әдебиетке шолу

Аграрлық саланы мемлекеттік реттеудің теориялық негізі мен экономикалық тетіктерін зерттегендер XIX аяғы – XX басында С.И. Мальцев, Н.Д. Кондратов және А.В. Чаяновтың жұмыстарында көрініс тапқан болатын. А.А. Альтцхов, В.А. Адобрынин, В.А. Ключаков, А.Д. Кудели, Г.И. Макин, А.Ф. Серков, О.Э. Кваши, И.Г. Ушачев, С.У. Нуралиев және басқалардың зерттеулері мемлекеттік реттеу мәселелеріне бағытталған болатын.

Материалдар мен әдістер

Аграрлық саясаттың экономикалық құралдары – нарықтық процестің белгілі бір аспектілеріне әсер етіп, ұстанымдық сипатқа ие емес мемлекеттің әрекеттері. Бұл жиынтық өсімге және жиынтық жеткізілімге, капиталды орталықтандыру дәрежесіне, экономиканың әлеуметтік және құрылымдық аспектілеріне әсер ету әдістері. Тұрақты экономикада экономикалық тәсілдер кеңінен қолданылады. Оларға жататындар: субсидиялаудың әртүрлі формалары; несиелеу; салықтық саясат; амортизациялық саясат; шикізат бағасының арзандауы арқылы жекелеген тауарларды өндіру шығындарына әсер ету; өндірушілерге транспорттық тарифтерге льгот қою және т.б. қызмет түрлері; сұранысқа әсер ету және нақты тауарларды ұсыну; қызметтерді және тауарларды мемлекеттік сатып алу; сыртқы сауда-саттық бағасына әсер ету. Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің экономикалық механизмінің негізгі элементтері: қаржыландыру, салықтар, баға, несиелеу және сақтандыру болуы тиіс [6].

Мақала тақырыбының зерттеуінің теориялық әдістерін қолдана отырып, классиктердің еңбектеріне сүйендік. Ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдаудың экономикалық үлгісін П. Самуэлсон келесі түрде түсіндіреді. Ауыл шаруашылығына бағаның және табыстың сұранысына икемділік (немесе төмен икемділік) болмағандықтан, ауыл шаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогресс сұраныстың оңға және жоғарыға ауысуына әкеледі. Еркін нарықтық

зандар ерте ме, кеш пе, ауылдық тауар өндірушілердің өнімдеріне бағаның айтарлықтай төмендеуіне, демек, олардың табысты болуына әкеледі. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің бір нысандағы қажеттілігін түсіндірудің негізгі себебі нақты экономикалық заңдармен түсіндіріледі.

Талдау әдісін қарастыратын болсақ, аграрлық саясаттың әкімшілік шаралары агроөнеркәсіптік кешен саласындағы құқықтық инфрақұрылымды қамтамасыз ету, бәсекелестік ортаны қорғау, мүлктік құқықтарды сақтау және экономикалық шешімдерді қабылдау мүмкіндіктеріне бағытталған. Әкімшілік шаралар қазіргі кезде қоршаған ортаны қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, жануарларды және өсімдіктерді биологиялық қорғау сферасында белсенді түрде қолданылады.

Қоғамда экономикалық жүйе бұзылған жағдайда, әдетте, әкімшілік әдістерге басымдылық беріледі. Оларға: «бағаны қатыру» және оларды белгілі бір деңгейде бекітудің басқа тәсілдері; жекелеген ірі кәсіпорындар белгілеген бағаны бақылау; баға реттеуді талап ететін мемлекеттік органдар арасындағы келісімдер.

Аграрлық стратегия, әдетте, тиісті заңнамаға сүйенеді және аграрлық саясатта заңдарға, жоспарларға, бағдарламаларға, ұйымдастырушылық және заңдарда нақты нұсқасын табады. Аграрлық саясатты ауыл шаруашылығын қайта құруға бағытталған аграрлық стратегияның мақсаттары мен принцип нақтылау ретінде қарастыру қажет. Осы айтылғандардың негізінде агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жүйесіндегі екі негізгі жүйені ажырату болады: агроөнеркәсіптік кешендегі нарықтық механизмді мемлекеттік реттеу және ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау. Бұл мемлекеттік реттеу екі функция атқаратынын білдіреді, олар: нарықтық қатынастарды үйлестіру және қолдау шаралары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірушілерінің жағдайын қолдау [1].

Нәтижелер

Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылық өнімдерінің өсімінің экономикалық тетіктеріне келесілер жатады:

- ♦ экономиканың аграрлық секторындағы бәсекелестікті ынталандыру;
- ♦ АӨК сферасында нарықтық институттарды дамыту үшін жағдай жасау;
- ♦ ауыл шаруашылық кәсіпорындарын бәсекелестік нысандарда қайта құруды ынталандыру;
- ♦ отандық аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған терең құрылымдық реформалар жасау.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу элементтері бағытталған:

- ♦ ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге кәсіптері үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- ♦ ауылдық жерде техникалық дәрежені өсіру;
- ♦ ауыл шаруашылығындағы кадр ресурстарын өсіру [3].

Аграрлық сектордағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мына бағыттар бойынша жүргізіледі: әртүрлі дәрежелі бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру, салыққа жеңілдік, жеңілдендірілген несие беру, қаржылық жалға беру (лизинг), сақтандыру және т.б. Бұл шағын жүйе республикада жақсы дамыған, кейбір функциялар аймақтық деңгейде жүзеге асырылады.

Тікелей қаржыландыру ауыл шаруашылық кәсіпорындарының шығындарының мемлекеттік бөлігін қаржыландыру болып табылады. Мәселен, бюджет қаражаты есебінен дақылдарды зиянкестер мен аурулардан қорғау шығындарын жабуға болады; жануарларға арналған ветеринарлық қызметтер; мелиорациялық жұмыстарға арналған; тұрғын үй құрылысын салу және күтіп ұстау бойынша шығыстар; мәдени және тұрмыстық маңызы бар объектілерді, сақтандыру төлемдерін және басқа да шығындарды төлеу үшін кететін шығындар.

Ауыл шаруашылық өнімдерін дотациялау және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шығындарының бір бөлігін өтеу тікелей қаржыландыру тетігі ретінде, өйткені бұл төлемдер әртүрлі деңгейлердің бюджеттерінен жүзеге асырылады. Субсидиялардың төлемдері өнімнің сатылу бағалары бойынша шынайы себептермен қамтылмаған шығындарды өтеуге бағытталған.

Мемлекеттік реттеудің маңызды аспектісі өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығын сақтандыру болып табылады. Мемлекеттік сақтандыру органдары ауыл шаруашылық кәсіпорындарды табиғат апаты болғанда, ауруға шалдыққанда, өрт жағдайында шығынға ұшыраған шаруалардың шығындарын өтеуі қажет [4].

Ауыл шаруашылығын және онымен тығыз байланысты салаларды реттеудің маңызды элементі мемлекеттік бағдарламалар болып табылады. Мемлекеттік бағдарламалар – АӨК дамытудың ұлттық мақсаттарына жетуге бағытталған өзара іс-қимыл шаралары мен мемлекеттік шаралар жүйесі. Бағдарламалар мазмұнына байланысты әртүрлі болуы мүмкін: агроөнеркәсіптік кешеннің жекелеген салаларының немесе салаларының мәселелерін шешуге бағытталған салалық және азық-түлік; агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің негізгі функцияларын жүзеге асыруға бағытталған функционалдық; аймақтар, облыстар мен өңірлердің агроөнеркәсіптік өндірісін дамытуға мемлекеттік ықпал ету шараларының жиынтығы бар [2].

Талқылаулар

Ауыл шаруашылығын дамытудың мемлекеттік қолдаудың тағы бір түрі – саладағы баға саясатын іске асыру. Нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі мемлекеттік органдардың бағасын реттеу барлық тауар өндірушілер үшін жағдайларды түзеуге, ықтимал күрт баға теңгерімсіздіктерін және монополиялық баға белгілеулерді жоюға бағытталғанын көрсетеді [7]. Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» жоспары Қазақстанның болашақта дамыған үздік отыз елдің қатарына кіруін көздейді. Осы жоспардың алпыс және алпыс бірінші қадамдарында сүт және ет өнімдерінің өндірісі аталып өтілді. Сүт және сүт өнімдері өндірісін дамыту үшін стратегиялық инвесторлар тарту аясында негізгі міндет – үш жыл мерзімде ТМД елдері нарығына шығарылатын өнімдерінің жартысына дейінгі экспортын қамтамасыз ету, ал ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту аясындағы негізгі міндет – шикізат базасын дамыту және өңделген өнімдерді экспорттау болып табылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, азық-түлік бағаларының еркін ауытқуына осы өнімдердің тұтынушысының мүддесін қорғайтын жоғарғы шегі мен төменгі лимиті, өндірілген тауарлардың нарықтық құнын жағдайында бағаның төмендеуі мүмкін ауылшаруашылық өнімдерін өндірушіге кепілдік берілген минималды табысты сақтауға бағытталған шегінде ғана рұқсат етіледі. Осы мақсатта баға белгілеу процестеріне ықпал ететін арнайы әкімшілік-құқықтық органдар мен әдістер белгіленді. Мемлекет тарапынан мұндай ықпал, негізінен бағалардың тікелей реттелуі және қадағалау (жанана бақылау) арқылы жүзеге асырылады. Көптеген елдерде бағаны мемлекеттік реттеудің заң түріндегі құқықтық негіздері құрылған. Өндірушілердің табыс деңгейін реттеу және оларды индексстеу үшін пайдаланылатын бағалар, олардың деңгейлері мен динамикасы туралы статистикалық ақпаратты жүйелі түрде жариялау. Сонымен қатар, дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаны реттеу оның артықшылығы кезінде жүзеге асатынын атап өткен жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігінің ресми сайты. – Кіру тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/>
- 2 Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға арналған «Агробизнес–2020» бағдарламасы. – Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/>
- 3 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – 2016 ж. – Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/>
- 4 Өсімдік шаруашылығы түсінігі мен түрлері мақаласы. [Электрондық қор]. – Кіру тіртібі: <http://sharua.kz>
- 5 Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрілігінің ресми сайты. – Кіру тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/>
- 6 АӨК-нің мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесі. [Электрондық қор]. – Кіру тіртібі: <http://www.studwood.ru>
- 7 Быстраков Ю. Проблемы эффективности использования природно-ресурсного потенциала АПК. – Ауыл шаруашылығы экономикасы. – 2006. – № 2.
- 8 Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың шетелдік тәжірибесі. [Электрондық қор]. – Кіру тіртібі: <http://www.kazedu.kz>.

9 «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar

10 Ауыл шаруашылығын қолдау қоры. Несие беру бағдарламалары. [Электрондық қор]. – Кіру тәртібі: <http://www.kazagro.kz>.

REFERENCES

1 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігінің ресми сайты. Кіру тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/>

2 Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға арналған «Агробизнес–2020» бағдарламасы. Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/>

3 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2016 ж. Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/>

4 Өсімдік шаруашылығы түсінігі мен түрлері мақаласы. [Электрондық қор]. Кіру тәртібі: <http://sharua.kz>

5 Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрілігінің ресми сайты. Кіру тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/>

6 АӨК-нің мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесі [Электрондық қор]. Кіру тәртібі: <http://www.studwood.ru>

7 Bystrakov Ju. (2006) Problemy jeffektivnosti ispol'zovanija prirodno-resursnogo potenciala APK. – Ауыл шаруашылығы жекөнемісі, No. 2.

8 Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың шетелдік тәжірибесі. [Электрондық қор]. Кіру тәртібі: <http://www.kazedu.kz>.

9 «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar

10 Ауыл шаруашылығын қолдау қоры. Несие беру бағдарламалары. [Электрондық қор]. Кіру тәртібі: <http://www.kazagro.kz>.

С.С. ТЛЕУБЕРДИЕВА,^{1*}

PhD, доцент.

*e-mail: tleuberdieva@yandex.ru

А.Б. МОЛДАШЕВА,²

к.э.н., доцент.

e-mail: altun_78@mail.ru

А.К. АЛПЫСБАЕВА,³

к.э.н., доцент.

e-mail: alpyspaeva_ainura@mail.ru

Л.В. ОЛЕЙНИК,⁴

ст. преподаватель.

e-mail: lvolleinik@mail.ru

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

²Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан, г. Тараз

³Казахский университет технологии и бизнеса, Казахстан, г. Нур-Султан

⁴Рудненский индустриальный институт, Казахстан, г. Рудный

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ МЕХАНИЗМЫ РОСТА СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ПРОДУКЦИИ

Аннотация

Цель статьи – исследование экономических механизмов роста сельскохозяйственной продукции в рамках одной страны и, в частности, Казахстана. Рост сельскохозяйственной продукции в Казахстане и обеспечение

страны продовольственными товарами являются сложными и актуальными вопросами, к которым относятся проблемы производства, конъюнктуры на национальных сельскохозяйственных рынках, платежеспособности и конкурентоспособности, годовой объем сельскохозяйственной продукции, увеличение годового объема выручки, обеспечение доступности продовольственных товаров до потребителей, законы в регулировании сельскохозяйственной отрасли и т.д. Потенциал сельского хозяйства соотносится с уровнем продовольственной безопасности страны. В статье отмечается, что государственное регулирование агропромышленного комплекса направлено на обеспечение продовольственной безопасности, стабильности выхода сельскохозяйственной продукции на рынок, создание благоприятных условий для предпринимателей, повышение конкурентоспособности отечественной продукции, а также повышение уровня жизни населения в регионах путем создания благоприятных условий для развития растениеводства, животноводства, рыбного хозяйства, переработки продукции агропромышленного комплекса и пищевой промышленности, обеспечение ветеринарно-санитарной и фитосанитарной безопасности, направлена на обеспечение технической оснащенности и других вспомогательных сфер деятельности, развитие социальной и инфраструктуры на территории региона. Авторами статьи подчеркивается, что важной частью агропромышленного комплекса станет сельское хозяйство. Сельское хозяйство – отрасль, направленная на обеспечение населения продуктами питания и являющаяся сырьем, необходимым для хозяйственной сферы. Он занимает важное место не только в агропромышленном комплексе, но и в национальном хозяйстве всей страны. Сельское хозяйство является важнейшей частью отрасли материального производства. Сельское хозяйство обеспечивает страну продовольствием и промышленность некоторыми видами сырья.

Ключевые слова: сельское хозяйство, продукция, аграрная политика, специальность, агропромышленный комплекс, товаропроизводители, аграрный сектор, продукты питания.

S.S. TLEUBERDIYEVA,^{1*}

PhD, associate professor.

*e-mail: tleuberdiyeva@yandex.ru

A.B. MOLDASHEVA,²

c.e.s., associate professor.

e-mail: altun_78@mail.ru

A.K. ALPYSBAYEVA,³

c.e.s., associate professor.

e-mail: alpyspaeva_ainura@mail.ru

L.V. OLEINIK,⁴

senior lecturer.

e-mail: lvoleinik@mail.ru

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Kazakhstan, Nur-Sultan

² M.Kh. Dulati Taraz Regional University,
Kazakhstan, Taraz

³Kazakh University of Technology and Business,
Kazakhstan, Nur-Sultan

⁴Rudny Industrial Institute,
Kazakhstan, Rudny

ECONOMIC MECHANISMS OF AGRICULTURAL PRODUCTION GROWTH

Abstract

The purpose of the article is to study the economic mechanisms of agricultural production growth within one country and, in particular, Kazakhstan. The growth of agricultural products in Kazakhstan and the provision of the country with food products are complex and relevant issues, which include the problems of production, the situation in the national agricultural markets, solvency and competitiveness, the annual volume of agricultural products, the increase in annual revenue, ensuring the availability of food products to consumers, laws in the regulation of the agricultural industry, etc. The potential of agriculture is correlated with the level of food security of the country.

State regulation of the agro-industrial complex is aimed at ensuring food security, stability of agricultural products entering the market, creating favorable conditions for entrepreneurs, increasing the competitiveness of domestic products, as well as improving the standard of living of the population of the regions by creating favorable conditions for the development of crop production, animal husbandry, fisheries, processing of agricultural products and the food industry, veterinary-sanitary and phytosanitary security, it is aimed at providing technical equipment and other auxiliary areas of activity, social and infrastructure development on regional territory. The authors of the article emphasize that agriculture will become an important part of the agro-industrial complex. Agriculture is an industry aimed at providing the population with food and is a raw material necessary for the economic sphere. It occupies an important place not only in the agro-industrial complex, but also in the national economy of the whole country. Agriculture is the most important part of the material production industry. Agriculture provides the country with food and industry with some raw materials.

Key words: agriculture, products, agricultural policy, specialty, agro-industrial complex, commodity producers, agricultural sector, food products.